



# Біздің түлектер - біздің тарихымыз және мақтанышымыз!



**Қырықбаев Әнуарбек  
Қайыргелдіұлы**

**Астана қаласы, РМК «жерҒӨО»  
жер кадастрлық жұмыстар  
басқармасының бастығы**

Елімізде жүзеге асырылған жер реформасы, соған байланысты әзірленген жер кодексі бекітілгеннен кейін жаппай жерлерді түгендеу жұмыстары, жекешелендіру, жаңа жер құжаттамаларын дайындау жұмыстарына кірісіп кеттім. Өндірісте маман тапшы болғандықтан мені ешқандай қиындықсыз жұмысқа қабылдады. Жер комитетін инженерден бастап барлық деңгейде басшылық лауазымдарда жұмыс істедім.

Жерге орналастыру факультетінде оқыған кезімде профессорлық-оқытушылар құрамынан алған білімі мен тағылым менің өміріме орасан зор әсер етті. Оқытушылардың көрегендігі, болашақта не болатынын болжай алатын қасиеттері менің өндірістегі қызметімде стратегиялық жоспарлар жасағанда өз көмегін тигізді.



Жерге орналастыру мамандығын таңдаған мектеп түлектеріне айтарым - оқытушылардың айтқанын орындап, үлгілі студент, магистрант болып, халқыңа әрқашанда адал қызмет ет.

**С.Сейфуллин атындағы агротехникалық  
университетінде оқу – дұрыс шешім және жарқын  
болашақ!**